

Алкогольді өнімдердің айналымын реттеу жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 16 маусым N 543.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.08. N 1683 қаулысымен. ~P001683

Алкогольді өнімдердің айналымында мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Табиғи көлемдеріне қарамастан, этил спиртінің көлемдік құрамы 12 проценттен астам алкогольді өнімдерді сатуды тиісті лицензиясы бар көтерме сауда ұйымдары мен сатып алушыларға қызмет көрсетуге арналған стационарлық сауда мекен-жайлары (сауда залдары) және фискальды зерделі қассалық аппараты бар бөлшек сауда ұйымдары жүзеге асыратын тәртіп о р н а т ы л с ы н .

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің келісімі бойынша осы қаулының

1-тармағының атқарылуына бақылау жасауды жүзеге асырсын.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар бұрын қабылданған шешімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап екі айдан кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі